

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін, азаматтық қызметші болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 139 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 мамырда № 4541 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 176 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 21.04.2021 № 176 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымша бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істейтін, азаматтық қызметші болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру , білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдарының тізбесі анықталсын .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р . Н . К и с а м и е в а ғ а жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай ауданының әкімі

Н. Токсеитов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Бесқарағай аудандық

мәслихат хатшысы

К. Садыков

2016 жылғы " 12 " сәуір__

Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2016 жылғы " 12 " сәуір
№ 139 қаулысына қосымша

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін, азаматтық қызметші болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі:

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, бөлімшенің меңгерушісі, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші, күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер, диета бойынша медбике, психолог, нұсқаушы, музыкалық жетекші, тәрбиеші, медбике, арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулерді бағалау және мұқтаждықты анықтау бойынша әлеуметтік қызметкер.

2. Білім беру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі: мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшының орынбасары, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы, әдістемелік кабинет меңгерушісі, барлық мамандықтағы мұғалімдер, педагог-психолог, алғашқы әскери дайындық жетекшісі, қосымша білім беру педагогы, педагог-ұйымдастырушы, өндірістік оқыту шебері, әлеуметтік педагог, мұғалім-дефектолог, еңбектерапиясы жөніндегі нұсқаушы, зертханашы, тәрбиеші, музыкалық жетекші, нұсқаушы, кітапханашы, медбике, әдіскер, қосымша білім беру ұйымының басшысы.

3. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі: мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, әдіскер, әртіс, мәдени ұйымдастырушы, кітапхана директоры, кітапханашы, хореограф, операторлар : дыбыс, бейне, балетмейстер, костюм беуші, музыка жетекшісі.

4. Дене шынықтыру саласындағы мамандар лауазымдары: коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, оқу ісі жөніндегі орынбасары, жаттықтырушы.

5. Ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі: басшы, ветеринарлық пункт меңгерушісі, ветеринар дәрігері, ветеринарлық фельдшер, ветеринарлық санитар.